



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 29 қауазан

№ 267

Stepnogorsk қаласы

город Stepnogorsk

«Stepnogorsk
қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
сыбайлас жемқорлыққа
қарсы стандартын
бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға, «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Stepnogorsk қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

2. Stepnogorsk қаласының білім бөлімінің жанындағы әрбір білім беру мекемесінде «Stepnogorsk қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын зерделеу жұмыстары өткізілсін.

3. Stepnogorsk қаласы білім бөлімінің білім беру мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» бұйрығымен білім алушыларды, ата-аналарды, заңды өкілдерді хабардар етуді қамтамасыз етсін.

4. Ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

5. Білім беру мекемелерінің басшылары сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін уақытылы қарауды тұрақты бақылауда ұстасын.

6. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік құжаттардың мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету.

7. Сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша болған жағдайлар туралы білім бөліміне дереу хабарлансын.

8. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары тұрақты өткізілсін. Тоқсанына бір рет білім беру мекемесінің басшысы білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін сапалы көрсету туралы жиыналыстарда тыңдалсын.

